Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі	Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка
БҰЙРЫҚТАН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ	**ВЫПИСКА ИЗ ПРИКАЗА**

Алматы қаласы **№ Б-232** **2026 жылғы 16 қазандағы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің біліктілік және дағдылар жүйесін дамытудың 2027-2029 жылдарға арналған салалық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі туралы ереженің 18-тармағына және Ұлттық кәсіби біліктілік кеңесі төрағасы орынбасарының – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің төрағалығымен өткен Кәсіби біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес отырысының біліктілік және дағдылар жүйелерін дамытудың салалық жоспарларын әзірлеуге және бекітуге қатысты қорытындысы бойынша 2026 жылғы 1 маусымдағы №1 хаттамалық тапсырмаға сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің біліктілік және дағдылар жүйесін дамытудың 2027-2029 жылдарға арналған салалық жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Банктерді реттеу департаменті, Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті, Бағалы қағаздар нарығы департаменті, Банктік емес ұйымдарды реттеу департаменті:

1) Жоспардың іс-шараларын орындауды және олардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты Адам капиталын дамыту департаментіне уақтылы ұсынуды;

2) Жоспардың іске асырылуына жылына екі рет мониторинг жүргізуді, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне тиісті ақпаратты ұсыну үшін іс-шаралардың орындалу барысы туралы ақпаратты жинауды және қорытуды қамтамасыз етсін.

3. Адам капиталын дамыту департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

Төрағаның міндетін атқарушы **О. Қизатов**

КЕҢСЕ

Дұрыс
Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті
Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі басқармасының
бас құжатжүргізушісі _____ Рыскелдиева Т.Е.

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі Төрағаның
міндетін атқарушы
2026 жылғы «16» қазандағы
№ Б-232 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің біліктілік және дағдылар жүйесін дамытудың 2027-2029 жылдарға арналған САЛАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

1-бөлім. Салалық жоспардың паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің біліктілік және дағдылар жүйесін дамытудың 2027-2029 жылдарға арналған салалық жоспары
Жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
Мақсаты	Салалық біліктілік жүйесін дамыту арқылы Қазақстан Республикасының қаржы нарығын білікті кадрлармен қамтамасыз ету
Негізгі міндеттері	- «Қаржы нарығындағы қызмет» салалық біліктілік шеңберін жаңарту; - қаржы нарығы саласының кәсіби стандарттарын әзірлеу және жаңарту
Іске асыру мерзімдері	2027–2029 жылдар
2029 жылға қарай күтілетін нәтижелер	- ҰҚЖ-ға енгізілген жаңа кәсіптерді ескере отырып, «Қаржы нарығындағы қызмет» салалық біліктілік шеңбері жаңартылды; - «Банк саласындағы маман», «Капитал нарығының маманы», «Сақтандыру саласындағы маман» кәсіби стандарттары әзірленді, «Актуарий» кәсіби стандарты жаңартылды

Нормативтік-құқықтық негіз: Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің біліктілік және дағдылар жүйесін дамытудың 2027-2029 жылдарға арналған салалық жоспары «Кәсіптік біліктілік туралы», «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, Қаржы нарығында талап етілетін кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің шешімімен бекітілген «Қаржы нарығындағы қызмет» салалық біліктілік шеңберіне (2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 2 хаттама), Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №1021 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 384 бұйрығымен бекітілген Салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) жаңарту қағидаларына, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 6 қыркүйектегі

№ 374 бұйрығымен бекітілген Кәсіби біліктілікті тану қағидаларына, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 8 қыркүйектегі № 378 бұйрығымен бекітілген Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестерді құру қағидаларына және олардың үлгілік ережесіне, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Кәсіптер тізілімін қалыптастыру, жаңарту және жүргізу қағидаларына сәйкес әзірленді.

Іске асыру мерзімі мен кезеңдері: 2027–2029 жылдар

Мониторингтеу және бағалау тетігі: орындалуына мониторингтеуді ҚНРДА жылына екі рет жүргізеді. Мониторинг нәтижелері Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің отырыстарында қарау үшін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жіберіледі.

Қысқартулар тізбесі:
ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;
ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
ҰБЖ – Ұлттық біліктілік жүйесі;
СК – Қаржы нарығында сұранысқа ие кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес;
СБШ – салалық біліктілік шеңбері;
ҰКЖ – Ұлттық кәсіптер жіктеуіші.

2-бөлім. Салалық біліктілік және кадрмен қамтамасыз ету жүйесінің ағымдағы жай-күйін талдау

ҚНРДА жанынан қаржы секторында кәсіптік біліктілікті дамыту мәселелерін үйлестіруді жүзеге асыратын қаржы нарығында талап етілетін Кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңес жұмыс істейді.

Қаржы нарығында талап етілетін Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестің 2025 жылғы 24 желтоқсандағы шешіміне сәйкес «Қаржы нарығындағы қызмет» жаңартылған салалық біліктілік шеңбері бекітілді.

Қазақстан Республикасының банк саласы, сақтандыру секторы және капитал нарығы мамандарының қызметін толық көлемде қамтитын қолданыстағы кәсіптік стандарттардың болмауына байланысты 2026-2028 жылдарға арналған «Қаржы нарығындағы қызмет» салалық біліктілік шеңберінде мынадай кәсіптік стандарттарды әзірлеу көзделген: «Капитал нарығының маманы», «Банк саласындағы маман» және «Сақтандыру нарығындағы маман». Көрсетілген кәсіптік стандарттарда, оның ішінде «Қаржы талдаушысы» және «Тәуекелдерді басқару жөніндегі менеджер» мамандықтарының карточкаларын көздеу жоспарлануда.

«Капитал нарығының маманы» кәсіптік стандартының жобасы қаржы нарығында талап етілетін Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңеспен келісілді 2026 жылғы 22 шілдеде, 2026 жылғы 28 тамызда кәсіптік стандарт жобасын сараптау қорытындысы бойынша Ұлттық кәсіптік біліктілік жөніндегі органның оң қорытындысы алынды, ағымдағы жылдың соңына дейін осы кәсіптік стандартты ҚНРДА Басқармасының бекітуі жоспарлануда.

Кәсіптер тізіліміне енгізілген кәсіптер бойынша кәсіптік біліктіліктерді тану жөніндегі бағыт шеңберінде ҚНРДА Басқармасының 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 3 қаулысына сәйкес міндетті негізде «Актуарий» кәсіптік стандарты бекітілді.

«Актуарий» кәсіптік стандарты біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды белгілейді, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде персоналды оқытуға, білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен түлектерін сертификаттау үшін материалдар әзірлеуге, қаржы нарығындағы қызметтегі кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған. Кәсіптік стандарттың негізінде ұйымдар ішкі қолдану үшін өндірісті, еңбек пен басқаруды ұйымдастыру ерекшеліктерін, олардың жауапкершілігін ескере отырып, кәсіптік білім деңгейін, еңбек функцияларының, білімдері мен дағдыларының тізімін нақтылай отырып, қызметкерлер үшін корпоративтік кәсіптік

стандарттарды әзірлей алады. «Актуарий» кәсіптік стандарты заңды тұлғалар көрсететін қызметтерге қатысты қолданылады.

Бұдан басқа, ҚНРДА Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 508 бұйрығымен бекітілген «Сақтандыру» кәсіптік стандартын әзірлеуге қатысты.

Көрсетілген кәсіптік стандарттар сақтандыру секторының бейіндік кәсіптерінің барлық тізбесін қамтиды, оның ішінде: актуарийлер, андеррайтерлер, аджастерлер, сақтандырудағы тәуекел-менеджерлер.

Банк секторы

Банктердің кадрлық әлеуетін қалыптастыруды елдің жетекші университеттері қамтамасыз етеді: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.; Нархоз университеті – цифрлық бейіндегі экономистерді даярлау жөніндегі ҚРҰБ мен ҚНРДА негізгі серіктесі; Nazarbayev University; Қазақстан-Британ техникалық университеті, КИМЭП Университеті; Almaty Management University (AlmaU); Тұран университеті.

Аталған жоғары оқу орындары «Қаржы», «Экономика», «Аудит», «Тәуекел-менеджмент», «Банк ісі», «Инвестициялар», «Қаржыдағы ақпараттық жүйелер» білім беру бағыттары және басқа да бейіндік бағыттар бойынша, оның ішінде ҚНРДА мамандарын ынтымақтастық туралы жасалған келісімдер шеңберінде оқытушылар ретінде тарта отырып, мамандар даярлауды жүзеге асырады.

Ағымдағы үрдістер және кәсіптердің өзгеруі

Цифрландыру, қаржылық технологияны дамыту және реттеу талаптарын қатаңдату жағдайында кадрлық қажеттіліктердің елеулі трансформациясы байқалады.

Банк саласында сұранысқа ие мамандықтар: қаржы талдаушылары, тәуекел-менеджер, кредит талдаушылары, комплаенс жөніндегі мамандар, қаржы консультанттары, клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер, сату бойынша мамандар, қаржы саласындағы IT-мамандар.

Екінші орынға шығатын мамандықтар: операторлар мен касса қызметкерлері (цифрлық арналармен ауыстырылады), фронт-офис қызметкерлері, деректерді қолмен өңдеу жөніндегі мамандар, классикалық бухгалтерлер (автоматтандыруға байланысты).

Кадр жүйесін түрлендіру қажеттігі

Кадрлық әлеуеттің сапасын арттыру мақсатында: кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру; кәсіби сертификаттауға (CFA, FRM, ACCA, PRM) қойылатын талаптарды енгізу; үздіксіз кәсіптік оқыту жүйесін (CPD/CPE) дамыту; қаржы секторы мамандарына қойылатын бірыңғай біліктілік талаптарын қалыптастыру; банктердің салалық бейінді білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылын кеңейту; цифрландыру мен жаһандық үрдістерді ескере отырып, кәсіптік стандарттарды жаңарту.

Сақтандыру секторы

Сақтандыру секторында актуарийлерге және сабақтас мамандықтарға оқуға болатын жоғары оқу орындары:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (7М05401 «Актуарлық математика» магистрлік бағдарламасы, Бакалавриат: «6В05401 Актуарлық математика»);

Нархоз университеті («Актуарий» магистрлік бағдарламасы) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен келісімге сәйкес бағдарлама сақтандыру секторы үшін ең төменгі міндетті оқыту бағдарламасына сәйкес келетін актуарийлерді даярлауға бағытталған);

ҚНРДА/Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры (IPGF) - онлайн-платформа іске қосылды: курс арқылы актуарийлерді даярлау үшін «актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы»;

Қазақстан актуарийлері қоғамы - актуарийлерге арналған курстар мен емтихандар өткізеді (базалық курстардан тереңдетілген курстарға дейін 10 курс), курстардың кестесі олардың сайтында жарияланады - actuary.kz;

Almaty Management University (AlmaU) - Экономика және қаржы мектебінде «Қаржы, банк және сақтандыру ісі» магистратурасы бар. Мұндай бағдарлама андеррайтингтік және талдамалық рөлдерді қоса алғанда, сақтандыруда жұмыс істегісі келетіндер үшін пайдалы болуы мүмкін;

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті - «Актуарлық математика» (minor) мини-курс/пәні бар;

Сақтандыру мектебі (HSE / IPAA) - андеррайтинг және сақтандыру бойынша курстар. Мысалы, «Андеррайтинг» — оқыту, сертификат беріледі.

Қаржы секторының серпінді дамуы және сақтандыру өнімдерінің күрделілігінің өсуі жағдайында Қазақстанның сақтандыру нарығы сараптама сапасына, тәуекелдерді басқаруға және залалды бағалауға қойылатын жоғары талаптарға тап болады. Әлемдік практикалар тәуекелдерді бағалаудың дәлдігін, шығындарды реттеудің жеделдігін және сақтандыру процестерінің ашық болуын қамтамасыз ететін салалық бейіндегі білікті мамандардың болуы сақтандыру ұйымдары орнықтылығының түйінді факторы болып табылатынын көрсетеді.

Осыған байланысты аджастер, андеррайтер, актуарий, қайта сақтандыру жөніндегі маман, тәуекел-менеджер және сақтандыру деректерін талдаушы сияқты ерекше мамандықтарды даярлауды және біліктілігін арттыруды қоса алғанда, сақтандыру саласының кадрлық әлеуетті жүйелі дамыту қажеттілігі артады. Бұл кәсіби рөлдер сақтандыру өтемінің сенімділігін қамтамасыз ету, барабар тарифтерді қалыптастыру, шығындарды барынша азайту және сақтанушылардың сенімін арттыру үшін өте маңызды болып табылады.

Халықаралық стандарттарды (IAIS, Solvency II, NAIC) және үздік әлемдік практикаларды ескере отырып, дамыған елдердің сақтандыру нарықтары мамандандырылған білім беру бағдарламалары, кадрларды сертификаттау және кәсіптердің бірыңғай стандарттарын енгізу арқылы кәсіби құзыреттерді дамытуға ерекше назар аударады. Қазақстан үшін осыған ұқсас тәсіл нарықтық және технологиялық өзгерістерге тиімді ден қоюға қабілетті бәсекеге қабілетті және орнықты сақтандыру секторын қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Осылайша, ерекше сақтандыру кәсіптерінің мамандарын оқыту және дамыту сақтандыру қызметтерінің сапасын арттыруды, тәуекел-менеджментті жетілдіруді және Қазақстан Республикасы сақтандыру нарығының қаржылық тұрақтылығын нығайтуды қамтамасыз ететін басым бағыт болып табылады

Бағалы қағаздар нарығы

Жоғары оқу орындары: Нархоз Университеті, Nazarbayev University, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Тұран Университеті, Алматы Гуманитарлық-Экономикалық Университеті және т.б.

Оқыту қаржы саласындағы білікті оқытушылардың, ҚНРДА, ҚРҰБ қызметкерлерінің қатысуымен өткізіледі.

Бұдан басқа, 2019 жылғы ақпанда Freedom Academy Қазақстандағы ірі «Фридом Финанс» АҚ инвестициялық компаниясының базасында құрылды. Бұл қор нарығында инвестициялау мен трейдингке үйрететін, бір күндік тегін вебинарлар, трансформациялық ойындар мен тереңдетілген ақылы бағдарламалар өткізетін көп деңгейлі курстар жүйесі бар білім беру орталығы. Сабақта қатысушылар осы сауда платформасымен, қаржы құралдарымен және сауда бұйрықтарымен жұмысқа кіріседі. Оқытуды кәсіби қазынашылар, талдаушылар, инвесторлар мен трейдерлер өткізеді.

«Фридом Финанс» АҚ және «BCC Invest» АҚ, Halyk Finance сияқты бағалы қағаздар нарығына басқа да кәсіби қатысушыларымен бірге «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздар нарығы саласындағы мамандар лауазымына әлеуетті үміткерлерді оқытады.

Бағалы қағаздар нарығындағы қадағалау практикасының, жекелеген қаржы ұйымдары қызметінің нәтижелері қаржы ұйымдарын, әсіресе стратегиялық және операциялық шешімдер қабылдайтын негізгі қызметкерлерді іріктеу, тағайындау және кадрлық әлеуетін дамыту рәсімдерін күшейту қажеттілігін көрсетеді.

Орын алған кемшіліктер корпоративтік басқару деңгейінің, қалыптастырылатын қаржылық және өзге де есептілік сапасының, тәуекелдерді басқару жүйесінің, инвесторлардың және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың төмендеуіне, сондай-ақ тұтастай алғанда қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығына теріс әсер етуге алып келеді.

Кадрларды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру, кәсіби сертификаттаудың болуы жөніндегі талаптарды енгізу, қаржы секторының қызметкерлері үшін үздіксіз кәсіби оқыту және дамыту жүйесін (CPD/CPE) күнделікті қызметке кіріктіру қажеттілігі туындайды.

Микроқаржы секторы

Микроқаржы секторы үшін кадрлар даярлауды елдің жетекші жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, оның ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Нархоз университеті, Nazarbayev University, Қазақстан-Британ техникалық университеті, КИМЭП университеті, Almaty Management University (AlmaU), Тұран Университеті және басқа да білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

Мамандарды даярлау «Қаржы», «Экономика», «Есеп және аудит», «Тәуекел-менеджмент», «Банк ісі», «Қаржыдағы ақпараттық жүйелер» білім беру бағыттары және басқа да бейінді бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Микроқаржылық қызметтің ерекшелігі жеке және заңды тұлғаларға микрокредиттер берумен, қарыз алушылардың кредитке қабілеттілігін бағалаумен, кредиттік тәуекелдерді басқарумен, берешекті сүйемелдеумен, сондай-ақ заңнаманың талаптарын сақтау және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Осыған байланысты микроқаржы секторы үшін кредит беру, тәуекел-менеджмент, комплаенс, қаржылық талдау және қарыз алушылармен жұмыс саласында білікті мамандардың болуы ерекше мәнге ие.

Қаржылық қызметтерді цифрландыру, қашықтан микрокредит беруді дамыту және реттеуші талаптарды жетілдіру жағдайында микроқаржы секторының кадрлық қажеттіліктерін түбегейлі өзгерту байқалады. Кредиттік өтінімдерді қарау процестерін автоматтандыру, скорингтік модельдерді қолдану және онлайн-кредиттеуді дамыту қызметкерлердің кәсіби құзыреттеріне қойылатын талаптарды арттырады және қаржы саласында да, цифрлық технологиялар саласында да білімі бар мамандарға қажеттілікті қалыптастырады.

Микроқаржы секторында неғұрлым сұранысқа ие мамандар кредиттік талдаушылар, кредиттік менеджерлер, тәуекел-менеджерлер, комплаенс және ішкі бақылау жөніндегі мамандар, қаржы талдаушылары, проблемалық берешектермен жұмыс жөніндегі мамандар, клиенттермен жұмыс жөніндегі мамандар, IT-мамандар және деректерді талдау жөніндегі мамандар болып табылады.

Микрокредиттер беру және оларды сүйемелдеу процестеріне тікелей тартылған қызметкерлердің құзыреттерін дамыту ерекше маңызға ие. Қарыз алушылардың кредитке қабілеттілігін бағалау, кредиттік тәуекелдерді басқару, проблемалық берешекпен жұмыс істеу және қаржылық қызметтерді тұтынушылармен өзара іс-қимыл жасау сапасы кредиттік портфель сапасына және қарыз алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына тікелей әсер етеді.

Қашықтан қызмет көрсету арналарын дамыту және микрокредит беру процестерін автоматтандыру бір мезгілде жекелеген еңбек функцияларының түбегейлі өзгеруіне алып келеді. Кредиттік өтінімдер мен құжаттарды қолмен өңдеумен байланысты дағдылы операцияларды орындауға қажеттілік төмендейді, бұл ретте талдамалық бейіндегі мамандардың, тәуекел-менеджерлердің, комплаенс, ішкі бақылау, ақпараттық технологиялар және деректерді талдау жөніндегі мамандардың рөлі артады.

Осыған байланысты микроқаржы секторы кадрларын кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру, қызметкерлерді үздіксіз кәсіптік оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды дамыту, мамандарға бірыңғай біліктілік талаптарын қалыптастыру, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бейінді білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылын кеңейту қажеттілігі туындайды.

Микроқаржылық қызметті цифрландыруды және қашықтан қызмет көрсету нысандарын дамытуды ескере отырып, кредиттік талдау, тәуекелдерді басқару, комплаенс, ішкі бақылау, деректерді талдау және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы кәсіби құзыреттерді дамытуға ерекше назар аудару қажет.

3-бөлім. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2027–2029 жылдарға арналған біліктілік пен дағдылар жүйесін дамытудың салалық жоспарын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

№ р/с	Негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1-тарау. ҰБЖ құралдарын дамыту және қаржы нарығында сұранысқа ие кәсіби біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің қызметін жетілдіру				
1-нысаналы индикатор *Саланың болжамды қажеттілігіне сәйкес кәсіби стандарттармен қамтылған қаржы нарығы кәсіптерінің үлесі (2026 жыл – 50%, «Актуарий», «Капитал нарығының маманы»; 2027 жыл – 75%, «Актуарий», «Капитал нарығының маманы», «Банк саласындағы маман»; 2028 жыл – 100%, «Актуарий», «Капитал нарығының маманы», «Банк саласындағы маман», «Сақтандыру саласындағы маман»)*				
2-нысаналы индикатор *Қаржы нарығы саласының жаңартылған салалық біліктілік шеңберлерінің саны (2026 жыл – 1 бірлік, 2027 жыл – 0 бірлік, 2028 жыл – 0 бірлік, 2029 жыл – 1 бірлік)*				
1.	ҰКЖ-ға енгізілген жаңа кәсіптерді және қаржы нарығы заңнамасының өзгерістерін ескере отырып, «Қаржы нарығындағы қызмет» СБШ-ні жаңарту	бекітілген (жаңартылған) СБШ	жыл бойы (қажеттілігіне қарай)	ҚНРДА, СК
2.	Келесі жылға арналған Кәсіби стандарттарды әзірлеу және жаңарту жоспары бойынша ұсыныстарды қалыптастыру	ҚР Еңбекминіне ұсыныстар	жыл сайын, Желтоқсан	ҚНРДА, СК, ҚР Еңбекмині, ЕРДО
3.	Кәсіби стандарттарды әзірлеу және жаңарту жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу	ҚР Еңбекминіне ақпарат	жарты жылда бір рет	ҚНРДА, ҚР Еңбекмині, ЕРДО
3-нысаналы индикатор *Қаржы нарығы саласының әзірленген және (немесе) жаңартылған кәсіби стандарттарының саны, өспелі қорытындымен (2026 жыл – 2 бірлік, 2027 жыл – 3 бірлік, 2028 жыл – 4 бірлік)*				
2.	«Капитал нарығының маманы» кәсіби стандартын әзірлеу	бекітілген кәсіби стандарт	2026 жыл	ҚНРДА, СК
3.	Актуарлық практиканың халықаралық стандарттарын ескере отырып, «Актуарий» кәсіби стандартын жаңарту	жаңартылған кәсіби стандарт (қажет болған жағдайда)	2027 жыл	ҚНРДА, СК

№ р/с	Негізгі іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушылар
4.	«Банк саласындағы маман» кәсіби стандартын әзірлеу	бекітілген кәсіби стандарт	2027 жыл	ҚНРДА, СК
5.	«Сақтандыру саласындағы маман» кәсіби стандартын әзірлеу	бекітілген кәсіби стандарт	2028 жыл	ҚНРДА, СК
4-нысаналы индикатор *Қаржы нарығында сұранысқа ие кәсіби біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің жыл сайынғы жұмыс жоспарларының орындалу үлесі (2026 жыл – 100%, 2027 жыл – 100%, 2028 жыл – 100%, 2029 жыл – 100%)*				
6.	Банк, сақтандыру секторларының және бағалы қағаздар нарығының сарапшыларын тарта отырып, Салалық кеңес құрамының сапасын қамтамасыз ету	бұйрық (СК шешімі)	Жыл сайын қажеттілігіне қарай белгіленген тәртіппен	ҚНРДА, СК
7.	Салалық кеңестің жыл сайынғы жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту	хаттама және СК бекітілген жоспары	қаңтар (жыл сайын)	ҚНРДА, СК

Келісілді

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің 17.09.2026ж.
№ -04/36327 хатымен

Келісілді

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігінің 01.10.2026ж.
№ 5787-14-8221-12/14-2-7 хатымен